

«6D010800 – Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Искаков Тайыржан Бахытбайұлының «Дене шынықтыру және спорт ұйымдарындағы қызмет көрсету сапасын жетілдіру» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Әділбай Жұматаевич Тастановтың

ПІКІРІ

1. Зерттеудің өзектілігі.

Жеке қарым-қатынас ұйымдастырудағы сервис тікелей адами байланыстар үшін шарттар құруға бағытталады. Ол әрқашан сұраныста болады, себебі, адамдардың өзара түсініктері үшін жақсы мүмкіндіктерді табуға септігін тигізеді. Жазу мен қағаз технологиясының көмегімен қарым-қатынас белгілік жүйелер (пошта қызметтері, баспа ақпараттары) арқылы тікелей емес әсерді ұйымдастыруға қатысты ерекше классты қажет етеді. Коммуникацияның электрондық құралдарын қолданумен болатын сервис оны оперативті ете отырып, кеңістіктегі бытыраңқылықты жеңе отырып және жеке қарым-қатынас механизмдерін жартылай қалпына келтіре отырып қарым-қатынас мүмкіндіктерін бірден кеңейтеді.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту мен өзін-өзі бекіту мақсатында қоғамдық-спорттық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған жеке адам мен адамдар тобының менмендігі моралды, материалды, қаржылық қолдауға ие болғысы келетін объективті және субъективті мүмкіндіктердің қарама-қайшылығынан тұрады.

Спорттық қызмет көрсету түрлерін, жетілдіру жолдарын ғылыми еңбектерде талдау барысында, бүгінгі күні дене шынықтыру мен спортты ұйымдастырудың философиялық, психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылғанымен, аталған саладағы маркетинг және сервис қызметтерін жетілдіру мүмкіндіктерінің пайдаланылмауы мен дене шынықтыру мамандарының кәсіби құзырлы, шығармашыл болуын қамтамасыз ететін, кәсібилігін шыңдайтын теориялық, әдіснамалық тұғырларының жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылықты анықтау зерттеудің өзектілігін сипаттайды.

2. Автордың философия докторы (PhD) ғылыми атағын ізденетін диссертацияларға ҚР БЖҒМ қойған талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары.

1-нәтиже. Заманауи бағыттағы ғылыми әдебиеттерді, педагогикалық білім беру мен тәрбие мәселелеріне қатысты еңбектерді дене шынықтыру және спорт ұйымдарында маркетинг және сервис қызметтерін жетілдіру теориялық тұрғыда негізделді.

2-нәтиже. «Маркетинг», «сервис», «қызмет көрсету» ұғымдарының мәні мен мазмұны ғылыми зерттеулердің заманауи тұжырымдамалары негізінде талданды және нақтыланды.

3-нәтиже. Дене шынықтыру және спорт ұйымдарында маркетинг және сервис қызметтерін жетілдірудің мазмұндық-құрылымдық моделі блокторға бөлініп, оны өлшеу критерийлері мен компоненттерінің ішкі бірлігі арқылы құрылды.

4-нәтиже. Дене шынықтыру және спорт ұйымдарындағы маркетинг және сервис қызметтерін жетілдіру үшін жаттықтырушылар мен қызметкерлеріне арналған әдістеменің тиімділігі эксперимент арқылы дәлелденіп, әдістемелік нұсқаулық нәтиж берді.

3. Әр алынған нәтиженің негізделуі мен шынайылық дәрежесі және олардың жаңалығы.

1 - нәтиже жартылай жаңа, себебі, дене шынықтыру мен спорт ұйымдарында қызметтерді жетілдірудің теориялық-әдіснамалық негіздері докторанттың заманауи бағыттағы ғылыми әдебиеттерді, педагогикалық білім беру мен тәрбие мәселелеріне қатысты еңбектерді жан-жақты талдауымен айқындалады.

2 - нәтиже – жаңа, себебі, дене шынықтыру және спорт ұйымдарында қызмет көрсету сапасын жетілдіру туралы психологиялық-педагогикалық теория, жеке тұлға теориясы, шығармашылық теориясы, тұлғаның психологиялық-педагогикалық әлеуеті тұжырымдамасы негізінде «маркетинг», «сервис», «қызмет көрсету» ұғымдары нақтыланды.

3 - нәтиже – жаңа, себебі, дене шынықтыру және спорт ұйымдарында сервис, маркетинг қызметтерін жетілдірудің құрылымдық-мазмұндық моделін мотивациялық-мақсатты, ұйымдастырушылық-мазмұндық, диагностикалық-нәтижелік блоктардың байланыстылығымен бірлікте құрастырылды.

4 - нәтиже жаңа, себебі, «Дене шынықтыру және спорт ұйымдарындағы қызметтерді жетілдіру әдістемесі» атты әдістемелік нұсқаудың тиімділігін тексеру мақсатында педагогикалық эксперимент жүргізілді.

4. Практикалық мәні.

Автор ұсынған дене шынықтыру және спорт ұйымдарында маркетинг және сервис қызметтерін жетілдіру мақсатында ұйымдастырылған әдістемені және кешенді бағдарламаны қолдану уәждемелік және жеке көрсеткіштерді (денсаулықты сақтау, студенттердің жеке қасиеттерінің өзіндік құндылығы, қарым-қатынас деңгейлері) жақсартуға мүмкіндік берді.

Докторант әзірлеген және мақұлдаған авторлық әдістеме фитнес-клуб жаттықтырушыларының кәсіби деңгейлерін арттыру жүйесіне ұсынылуы мүмкін.

Алынған нәтижелер автор ұсынған әдістердің жоғары тиімділігін растайды.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау.

Т.Б.Искаковтың зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері диссертацияның ұсынылған бөлімдерінің ойластырылған құрылымдық

шешімі, негізгі идея мен қойылған міндеттерді шешу, сондай-ақ ғылыми логиканың сақталуы, зерттеу материалдарының қысқаша баяндалуы арқылы ішкі бірлікті білдіреді.

6. Негізгі ережелері, нәтижелері мен қорытындылары жарияланған басылымдарының толықтылығының жеткіліктілігін растау.

Диссертация тақырыбы бойынша 9 ғылыми еңбек жарық көрген. Олардың ішінде 4 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, 1 мақала Scopus компаниясы ақпараттық дерекқорына енген шетелдік басылымдарда, халықаралық конференция материалдары жинақтарында – 4 мақала, соның ішінде 3 мақала шетелдік конференцияда жарияланған.

Бұл басылымдар зерттеу жұмысының негізгі мазмұнының жан-жақтылығын және тереңдігін көрсетеді.

7. Диссертация мазмұны мен рәсімделуі бойынша кемшіліктер.

Жұмыста бірқатар кемшіліктер кездеседі.

1. «Дене шынықтыру және спорт ұйымдарындағы қызметтерді жетілдіру әдістемесі» атты нұсқаулықты баспадан шығарып, қолданысқа енгізген дұрыс болар еді.

2. Жұмыстың әдістемелік бөлігінде электитвті курс тапсырмаларын жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін жүйелеп, бірізділікпен көрсету керек еді.

Дегенмен, бұл кемшіліктер орындалған диссертациялық жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығын жоймайды.

8. Диссертацияның «6D010800 – Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми атағына ізденетін диссертацияларға ҚР БжҒМ «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінде» қойылған талаптарға сай келуі

Т.Б.Искаковтың «Дене шынықтыру және спорт ұйымдарындағы қызмет көрсету сапасын жетілдіру» тақырыбы бойынша ғылыми зерттеуінің теориялық және практикалық маңызына негізделіп, диссертацияның «6D010800 – Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми атағына ізденетін диссертацияларға ҚР БжҒМ «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінде» қойылған талаптарға сай келеді деп, оның авторы «6D010800 – Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми атағына лайық деп есептеймін.

Рецензент,
Педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент

«27» 11 2018 ж.

